



22-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

КИНО ӨНЕРІНЕ КІРІСПЕ

Фильм дыбыстарының өлшемдері





Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Фильм дыбыстарының өлшемдері
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

Негізгі идеялар:

1. Біріншіден, дыбыс уақытпен таралады, сондықтан да оның ритмі, яғни ырғағы бар.
2. Екіншіден, дыбыс, өзінің шығу көзіне азды көпті дәлдікпен бағынына отырып байланыс жасайды.
3. Үшіншіден, дыбыс өзі пайда болатын жағдайларға қарай кеңістік сезімін тудырады.
4. Төртіншіден, дыбыс белгілі бір уақыт аралығында өтіп жатқан визуалды оқиғалармен байланыстырылады және бұл байланыс дыбысқа уақыт өлшемін береді.
5. Бұл категориялар фильмдегі дыбыстың режиссерге шығармашыл мүмкіндіктер береді.

Фильмдер:

1. Reservoir Dogs
2. Swing Time фильмі

Фильм дыбыстарының өлшемдері

Біз өткен сабақтарымызда дыбыстың неден тұратынын және режиссердың әртүрлі дыбыстардың ішінен таңдау жасай алатынын көрдік. Сондай-ақ дыбыстың көрерменнің назарын керек жаққа бағыттап, фильмнің өн бойына өрнек сала алатынын да білдік. Бірақ дыбысты көрініске қалай қосу керектігін қарастырған кезде режиссерлердің алдында көптеген нұсқалар болады.

Біріншіден, дыбыс уақытпен таралады, сондықтан да оның ритмі, яғни ырғағы бар. Екіншіден, дыбыс, өзінің шығу көзіне азды көпті дәлдікпен бағынына отырып байланыс жасайды. Үшіншіден, дыбыс өзі пайда болатын жағдайларға қарай кеңістік сезімін тудырады. Төртіншіден, дыбыс белгілі бір уақыт аралығында өтіп жатқан визуалды оқиғалармен байланыстырылады және бұл байланыс дыбысқа уақыт өлшемін береді. Бұл категориялар фильмдегі дыбыстың режиссерге шығармашыл мүмкіндіктер береді.

Олай болса бұл өлшемдердің біріншісі ритм мәселесіне келейік.

Фильмдегі дыбыс және ритм

Ритм, адам баласында терең деңгейде жұмыс істейді. Біздің ағзамыздың өзіндік биоырғағы бар, оның ең негізгісі – жүрек соғысы. Психологтар фильмдегі музыканың, біздің жүрек соғысымыз бен басқа да физикалық реакциялардың өзгерісін тудыратынын анықтаған.

Ритм ең аз дегенде ырғақ немесе қағыс; темп немесе екпін; акценттер үлгісі я болмаса күшті яки әлсіз ырғақтарды қамтиды. Дыбыс саласында осы сипаттардың барлығы фильмнің музыкаларында көбірек танылады. Өйткені ырғақ пен темп, һәм акцент негізгі композициялық сипаттар болып табылады.

Дыбыс эффектілерінен де ритмді сипаттарды таба аламыз. Фермадағы жылқының тұяқ дүбірі, ышқына шауып келе жатқан кавалер тұлпарының тұяқ дүбірінен өзгеше болады. Көне қытайдың ұрмалы аспабы гонгтың реверберациялық тоны баяу бөлінетін екпінге ұласып кетсе, кенеттен түшкірудің екпіні жылдам әрі қысқа болады. Гангстерлік фильмде зеңбіректің оғы тұрақты, жылдам соққы тудырса, кенеттен шыққан тапаншаның дыбысы құлаққа тұрақсыз интервалдармен жетеді.

Сөйлеудің де ритмі болады. Адамдарды өзіне тән жиілік пен амплитудасынан ғана емес, ритмнің әртүрлі үлгілері мен ежелу екпіндері арқылы да ажыратып, танып-білуге болады. «Оның қызы Жұма» фильмінде біз өте жылдам диалогтан әсер аламыз, бірақ шын мәнінде көрініс оған қарағанда ритмді, нәзік. Әр көріністің басында ритм салыстырмалы түрде баяу болады, бірақ оқиғаның дамуымен кейіпкерлер үнемі үдемелі жылдамдықпен, яғни өте жылдам сөйлей бастайды. Көрініс жылжыған сайын сөйлеу қарқыны өзгере береді. Бұл жоғарылау және төмендеу ритмі әр сахнаның даму тізбегіне сәйкес келе отырып, енді ғана басталайын деп жатқан комедиялық күрделі көрініс алдында бізге аздап тынығуға мүмкіндік береді.

Олай болса фильмде әрі дыбыстың өзіндік ритмі бар, әрі бейненің өзіндік ритмі бар. Бұл екеуін бір бірімен қалай үйлестіруге болады? Осы мәселеге тоқталып өтейік.

Дыбыс пен бейнедегі ритм: Үйлестіру

Дыбысты ритмді түрде пайдаланғысы келетін режиссер көріністегі қозғалыстың да ритм, темп және акцентті ерекшелетін қағидаларға ұқсас ритмі бар екенін аңғарады. Сонымен қатар, монтаждаудың да өз ритмі болады. Өзіміз көріп отырғанымыздай, қысқа кадрлардың тізбегі жылдам темп жасауға көмектеседі, ал ұзақ кадрлар әдетте темпті баяулатады.



Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Фильм дыбыстарының өлшемдері
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

Көп жағдайды монтаждау ырғақтары бейненің ішіндегі қозғалыста немесе өзара әсерлескен дыбыста болады. Режиссерлер үшін ең кең таралған үрдіс – визуалды және дыбысты ритмдердің бір-біріне сәйкес келуі. Мюзклдегі би секансында фигуралар музыкамен анықталған ритмге сай қозғалады. Бірақ мұның баламалары барлық уақытта бар. Мысалы режиссер Джордж Стивенстің «Свинг уақыты» фильмінің «Свинг уақытындағы вальс» атты сахнасында Фред Астер мен Джинджер Роджерс музыка ырғағымен жылдам қозғалып билейді. Соған қарамастан бұл көріністе ешқандай жиі кесім жоқ. Шын мәнінде сахна алыс-жақын қашықтықтан түсірілген бір ғана ұзақ планнан тұрады.

Swing Time фильмі, 0: 29-дан рұқсат етілген уақытқа дейін.

Анимациялық фильмдерде көбінесе көрінетін қозғалыс пен дыбыс тығыз үйлестіріледі. 1930 жылдардағы Уолт Диснейдің фильмдеріндегі кейіпкерлер музыкамен асқан үйлесімділікпен қозғалады, тіпті билеген кезде де. Мұндай өте дәл дыбыс трегі суреттер салынбай тұрып жазылғандықтан мүмкін болатыны белгілі. Музыкамен нақпа-нақ орайласа шығатын қозғалыс бүгінде Микки Маусдандыру деп аталып кеткен.

Квентин Тарантиноның «Құтырған иттер» фильміндегі титр секансы режиссердың әртүрлі музыканың ритмін, монтаж бен фигуралардың қозғалысын қалай үйлестіргенін нақты көрсетеді. Ұрылар ақырын басып келе жатқанымен, музыканың темпі өте жоғары, минутына 190 соққыға жуық. Монтаждалған ритм аздап баяулау болады, әннің сөздерінің құрылымына сәйкес келу үшін әр кесім бес секундтық интервалмен келеді. Қозғалыс пен қимыл ырғағы әлі де баяу: Баяулатылған бейне кейіпкерлердің қозғалысын соза түседі.

Reservoir Dogs фильмінен үзінді 07:20-08:01

Осы жерге дейін дыбыс пен бейне арасындағы ритмик үйлесімділікті жасаудың жолдарын баяндадық. Режиссер, сонымен қатар дыбыс ритмдері, монтаж яки бейне арасындағы сәйкессіздіктерді де жасай алады. Олай болса дыбыс пен бейнедегі ритмикалық сәйкессіздікті қолға алайық.

Дыбыс пен бейнедегі ритм: Сәйкессіздіктер

Ең көп тараған нұсқалардың бірі диалог көріністерін сөйлеудің табиғи ырғағына қарама-қайшы болатындай етіп монтаждау. Режиссер Джон Мактирнанның «Қызыл Октябрь сүңгуір қайығына шабуыл» атты фильміндегі диалог сәйкестігі мысалында монтаждау екпінді соққылармен, каденциямен немесе офицердің сөзіндегі үзілістермен сәйкес келмейді. Соның әсерінен, монтаж кадрдың өзгерісін тегістеп, капитан Рамиустың сөзі мен мимикасын айқындайды.

Режиссер дыбыс пен көрініс ырғағын барынша айқын әдістермен әртүрлі жасай алады. Мысалы, егер дыбыс көзі негізінен кадрдан тыс жерде болса, режиссер экрандағы фигуралардың жосықтарын пайдалана отырып, мағыналы контрритм жасай алады. Джон Фордтың «Сары ленталы әйел» фильмінде атты әскердің қартайған капитаны Натан Бритлс қызметінен кете салып өз әскерінің бекіністен қалай шығып жатқанын бақылап тұрады. Қызыға қарап тұрған ол, қызметтен қол үзіп қалғанына өкініп, барлаушылармен бірге баруға құлшыныс танытады. Осы жердегі көріністің дыбысталуы екі элементтен тұрады: жолға шыққан салт аттылар салған алғашқы көңілді ән және олардың желіп бара жатқан аттарының тұяқ үні. Бірақ дыбысқа сәйкес келетін ритммен келе жатқан аттар мен әншілер тек бірнеше кадрда ғана көрінеді. Оның орнына көрініс біздің назарымызды атының үстінде қозғалыссыз атты әскерге қарап тұрған Бритлсқа аударады. Сергек музыкалық ритм мен жалғыз тұрған Бритлсдың қозғалыссыз бейнесінің контрасты оның сонша жыл өзі бел ортасында жүрген атты әскерден енді қол үзіп, жалғыз қалып бара жатқанына өкініп тұрғанын көрсетеді.

Кейде музыкалық сүйемелдеу бейне үшін орынсыз ритм болып көрінуі де мүмкін. Робер Брессон, «Арманшылдың төрт түні» атты фильмінде интервалдар арқылы Сейнді бетке алған үлкен жүзбелі түнгі клубтың кадрын көрсетеді. Қайықтың қозғалысы баяу, бірқалыпты, бірақ дыбыс трегінде көңілді калипсо музыкасы ойналады. Тек кейінгі көріністе біз музыканың қайықтағы топтан шығып жатқанын аңғарамыз. Жылдам дыбыс темпі мен қайықтың баяу жүзуінің біртүрлі үйлесімі баяулатылған, құпия бір тылсым эффект береді.

Крис Маркердің «Ұшу жолағы» (La Jetée) атты фильмінде болса бейне мен дыбыс ритмі арасындағы



Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Фильм дыбыстарының өлшемдері
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

контраст фильмнің өн бойында басымдық танытады. «Ұшу жолағы» фильмі толықтай дерлік қозғалыссыз кадрлардан тұрады; тек бір ғана кішкентай ишараттан басқа, бейнелердегі барлық қозғалыс алып тасталынған. Соған қарамастан, фильмде кадрдан тыс жылдам, үнемі акцент берілген ритммен баяндау, музыка да, дыбыс эффектілері де пайдаланылған. Қозғалыстың болмағанына қарамастан, фильм кинематографиялық емес сияқты болып көрінбейді. Өйткені ол аудио-визуалды ритмдердің динамикалық өзара әрекетін ұсынады.

Фильмдердің көпшілігі бейне мен дыбыс ритмдерінің үйлесімінің бір ғана стратегиясын қолданбайды. Режиссер біз күткен болжамды қалпына келтіру үшін ритмдерді қалауынша өзгерте алады. «Александр Невский» фильміндегі мұздағы әйгілі шайқаста Сергей Эйзенштейн дыбысты баяу темптен жылдам темпке, содан кейін керісінше қайтадан баяу темпке ауыстырып отырады. Көріністің алғашқы 12 кадры неміс рыцарларына шабуылдауды күтіп тұрған орыс әскерін көрсетеді. Бұл орташа ұзындықтағы кадр. Мұнда қозғалыс өте аз. Музыка салыстырмалы түрде баяу, қысқа, анық бөлінген аккордтардан тұрады. Неміс әскері көкжиекке қарай бет алған кезде – визуалды қозғалыс та, музыканың темпі де жылдам артып, шайқас басталады. Шайқас соңында Эйзенштейн тағы бір контраст жасайды: Баяу, аянышты ұзын пассаж фигуралардың аздаған қозғалыстары бар бақыланатын үлкен кадрлармен қосақталып жүреді.

Фильм дыбыстары өлшемдерінің екінші түрі, өзінің шығу көзіне азды көпті дәлдікпен бағына отырып байланыс жасайтын дыбыс категориясы.

Дәл бағыну

Біз «дәл бағыну» термині арқылы дыбыс жазудың сапасын айтып отырған жоқпыз. Бұл қарастырып отырған бағынушылығымыз, өзіміз түсінетіндей, дыбыстың өзінің шыққан көзіне дөп келу, дәл болу дәрежесіне қатысты. Егер фильмде үріп жатқан итті көрсетсе, біз үрген дыбысты естиміз, демек бұл дыбыс өзінің шыққан көзіне дәл келіп тұр деген сөз; бұл жерде дыбыс өз дәлдігін, өз қайнар көзіне бағыныштылығын сақтап тұр. Ал егер үріп жатқан иттің бейнесін мысықтың мияулағанымен көрсетсе, онда дыбыс пен бейне арасында сәйкессіздік – бағынушылықтың болмауы немесе аздығы пайда болады.

Режиссерлердің көзқарасы бойынша, бағынудың қойылым кезінде алғаш шыққан дыбыспен ортақ ешнәрсесі жоқ. Экранда иттің үріп тұрғаны көрінгенімен, мүмкін қойылымдағы үру басқа иттен шығып жатқан немесе электронды әдіспен синтезделген болуы мүмкін. Біз шын мәнінде семсерлердің жарқылы қандай дыбыс шығаратынын білмейміз. Бірақ фильмдердегі семсер соққысынан шығатын дыбыстарды шынайы деп қабылдаймыз. Сол сияқты итті үргізбей-ақ, оны оп-оңай мияулатуға да болады.

Дыбыстың өзінің шыққан көзіне сәйкес болмай тұрғанын байқасақ, мұндай жағдай әдетте мияулаған ит сияқты күлкілі эффектілер үшін пайдаланылады. Жак Татидің «Юло мырзаның демалысы» (Mr. Hulot's Holiday) фильміндегі күлкілі көріністің көбі ас үй есігінің ашылып-жабылуы кезінде пайда болады. Шын есіктің дыбысын жазудың орнына Тати есік ашылған сайын виолончелдің ішегінен шыққандай миңгірлеген дыбысты қояды. Бұл дыбыс күлкі тудырып қана қоймай, осы есіктен кіріп-шығып жүрген даяшылар мен түстік ішуге келгендердің ритмді өрнектерін айқындау қызметін де атқарады. Татидің фильмдеріндегі әзілдердің көбі шындықтан алшақ шуларға негізделгендіктен, оның фильмдері дәлдікті зерттеуде жақсы үлгі бола алады.

Дәлдігі бар әрбір көрініс күлкілі емес. Альфред Хичкоктың «Отыз тоғыз баспалдақ» (The Thirty-Nine Steps) фильмінде үй иесі пәтерінен мәйіт тауып алады. Оның айқайлағанын көргенімізбен, айқай орнына біз, пойыздың ысқырығын естиміз; содан кейінгі көрініс пойыздағы әрекеттерге ауысып кетеді. Ысқырық дыбыс шыққан көзге сәйкес болмағанымен, өте жылдам, әсерлі де айқын өзгеріс тудырады.

Фильмдегі дыбыс өлшемдерінің үшінші түрі кеңістік пен дыбыс қатынасын қолға алады.

Кеңістік

Дыбыстың кеңістіктегі өлшемдері болады, өйткені ол белгілі бір көзден шығады. Біздің сол дыбыс көзі туралы түсінігіміз дыбысты қалай түсінетінімізге қатты әсер етеді.

Бұл категорияның Дайджетик дыбыс және бейдайджетик дыбыс деген ұғымдары бар. Дайджетик дыбыс дегеніміз – қайнар көзі оқиға әлемінде болған дыбыс. Кеңістіктегі кейіпкерлердің сөйлеген сөздері, оқиғадағы нысандардан шыққан дыбыстар және аспаптардан шыққан музыка үні дайджетик дыбыс ретінде қарастырылады. Сонымен қатар дайджетик дыбыстың кадрдың ішкі дыбысы және кадрдан тыс дыбыс деп аталатын екі түрі бар.

Дайджетиктің антонимі ретінде оқиға әлемінің сыртынан шығатын бейдайджетик дыбыс та бар.



Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Фильм дыбыстарының өлшемдері
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

Фильмнің оқиғасын күшейту үшін қосылған музыка бейдайджетик дыбыстың барынша көп тараған түрі.

Фильм дыбыстарының өлшемдері «төртіншіден, дыбыс белгілі бір уақыт аралығында өтіп жатқан визуалды оқиғалармен байланыстырылады және бұл байланыс дыбысқа уақыт өлшемін береді» деген болатынбыз. Осы тұста уақыт және фильмдегі дыбыс мәселесіне қысқаша тоқталайық.

Уақыт және дыбыс

Дыбыс режиссерға уақытты әртүрлі әдіспен көрсетуге де мүмкіндік береді. Сол секілді, естіп тұрған дыбыс көздерінің өзіміз көріп тұрған кеңістікте болуының тиіс еместігі сияқты, дыбыс трегіндегі уақыт та бейнеде көрсетілетін уақытпен дәл келуі тиіс емес.

Нәтижеде фильмдегі дыбыс әр түрлі уақыт түсініктерін тудырып, фильмнің баяндау тәсілін, режиссердің стилін байыта түседі.

Қосымша ресурстар:

1. Ellis, Jack C. (1995). A History of Film. 4th Edition. Boston, London, Toronto, Sydney, Tokyo & Singapore: Allyn and Bacon.
2. Nowell-Smith, Geoffrey (1999). The Oxford History of World Cinema. Oxford University Press.
3. Pechter, William S. (1971). Twenty-four Times a Second: Films and Film-makers. New York. Evaston & London: Harper & Row Publishers.
4. Pirie, David (Ed.) (1981). Anatomy of the Movies. Inside the Film Industry: The Money, the Power, the People, the Craft, the Movies. New York: Macmillan Publishing Co., Inc.
5. Robinson, David (1974). The History of World Cinema. New York: Stein and Day Publishers.